

ПАССАЖИРСКИЙ ПОЕЗД «ТАЛГО» ПО МАРШРУТУ АСТАНА – ДОСТЫК, № 257/258, БУДЕТ КУРСИРОВАТЬ ДВА РАЗА В НЕДЕЛЮ. В ПОЕЗДЕ МОГУТ РАЗМЕСТИТЬСЯ 346 ПАССАЖИРОВ. В ПУТИ СЛЕДОВАНИЯ ДЛЯ УДОБСТВА ПАССАЖИРОВ ПРЕДУСМОТРЕНЫ ВСЕ УСЛОВИЯ: ВАГОН-РЕСТОРАН, ВАГОН-БАР, МУЛЬТИМЕДИЙНЫЙ ПОРТАЛ. К СЛОВУ, В ТЕКУЩЕМ ЛЕТНЕМ СЕЗОНЕ НА 6% УВЕЛИЧИТСЯ КОЛИЧЕСТВО МЕСТ В ПОЕЗДАХ, ОТПРАВЛЯЮЩИХСЯ ДО ПОБЕРЕЖЬЯ ОЗЕРА АЛАКОЛЬ.

Мухит ТУРСЫНБАЕВ,
заместитель генерального директора АО «Пассажирские перевозки»



№50 (2867)
23/06/2023

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

ӘРІПТЕСТІКТІ ДАМУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМІНЕ ҚОЛ ҚОЙДЫ

Қазақстан мен Германия мемлекеттері басшыларының қатысуымен өткен кездесуде «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ және DB Engineering & Consulting GmbH арасындағы әріптестікті дамыту туралы Келісімге қол қойылды.

Райхан РАХМЕТОВА,
Астана

Құжат бұрын орнатылған ынтымақтастықтың жалғасы болып табылады, соның аясында вагон паркін жаңарту бойынша іс-шаралар жүзеге асырылып, жолаушылар тасымалын жетілдіру жұмыстары жүргізілген болатын. Тараптар сервисті жақсарту, халық үшін көлік қызметтеріне қолжетімділікті арттыру бойынша бірлескен қызметтерді жалғастыруға ниетті. Кездесуде темір жол, авто және авиакөлік түрлерінің қатысуымен «хабтік» жүйені енгізу жайы сөз болды.

– Германия – Қазақстанның Еуропалық Одақтағы негізгі серіктестерінің бірі. Түрлі саладағы ынтымақтастықты нығайту үшін қолдан келгенін бәрін жасаймыз, – деді Қазақстан Президенті.

Келіссөздер барысында энергетика, өңдеу өнеркәсібі, машина жасау, көлік және логистика, жаңартылатын энергия көздері, сирек кездесетін жер металдарын игеру және ауыл шаруашылығы салалары екіжақты қатынастардың маңызды бағыттары да талқыланды.

Қазақстанға мемлекеттік сапары



барысында Германияның Федералды Президенті Франк-Вальтер Штайнмайер ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайыловпен бірге Құрық портына барып, Орта дәлізді дамыту шеңберінде жаңа көлік-логистикалық жобалармен танысты. Құрық порты Каспий теңізінің шығыс жағалауында, Ақтау теңіз сауда портының оңтүстігінде орналасқан. Бүгінгі таңда оның өндірістік қуаты жылына 6 млн тонна жүкті құрайды. Қазіргі

уақытта порт инфрақұрылымын кеңейту және оның ауыстырып тиесілігін арттыру бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр. Делегация Құрық аумағын аралап, паромдардың бірімен теңізге экскурсия жасады. Сонымен қатар Франк-Вальтер Штайнмайер мен Әлихан Смайыловқа перспективалы инвестициялық жобалар, соның ішінде «Саржа» көпфункционалды теңіз терминалының жобасы таныстырылып,

порттың ағымдағы жұмысы туралы баяндамалар ұсынылды.

Бүгінде Ақтау және Құрық порттарының өткізу қабілеті 20 млн тоннадан асады. Үкімет сыртқы логистикалық терминалдар құру және маршруттарды цифрландыру бойынша жұмыс жүргізуде. Германиялық серіктестер перспективалы көлік-логистикалық жобаларды жүзеге асыруға қызығушылық танытып отыр.

Сурет akorda.kz сайтынан

ТАСЫМАЛ КӨЛЕМІ АРТҚАН



Өткен жылы «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының теміржолмен жүк тасымалдау көлемі 14 пайызға артқан. Бұл туралы «Самұрық-Қазына» қорының экономика және қаржы жөніндегі директоры Назира Нұрбаева мәлім етті. «Қазақстан темір жолы» компаниясының 2022 жылғы жүк айналымына қатысты көрсеткіші 245 млн тонна шақырым болды. Бұл алдыңғы 2021 жылғы көрсеткіштен 5 пайызға артық, Оның ішінде экспорттық тасымал 10,3 пайызға артты. Транзиттік жүк көлемі 14 пайызға ұлғайды» деп мәлімет берді ол қорда өткен баспасөз мәслихатында. Ол сондай-ақ қорға қарасты өзге компаниялар жұмысына да шолу жасады. Мысалы, өткен жылы Air Astana мен Qazaq Air әуе компанияларының жолаушылар тасымалдаудағы жиынтық көлемі 7,9 млн жолаушы болғанын атап өтті. Бұл алдыңғы 2021 жылғы көрсеткіштен 10 пайызға жоғары.

Ұлан ОРАЗ

Перевозки

ОБЩАЯ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ

Для теплоисточников Казахстана погрузят свыше 1,8 миллиона тонн угля с мая по декабрь.

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

За май текущего года в адреса получателей Казахстана Семейское отделение грузовых перевозок погрузило 286,8 тысячи тонн угля для будущего отопительного сезона 2023-2024 годов. Это составило 74,2% к уровню прошлого года по причине того, что многие теплоисточники проводят ремонтно-профилактические работы, а основные перевозки для населения начнутся к августу.

– Для теплоисточников отгружено 148,1 тысячи тонн, что составило к уровню прошлого года 64,7%. Перевезено на 80,8 тысячи тонн угля меньше, что обусловлено ремонтно-профилактическими работами на ТЭЦ и котельных, – подтвердил заместитель директора по логистике Семейского отделения грузовых перевозок Алмас Сейсемканов. – Снижена погрузка

угля в адреса ТЭЦ Восточно-Казахстанской области – Усть-Каменогорской и Согринской теплоэлектростанций, Риддер ТЭЦ. Более активная заготовка угля планируется с июля-августа 2023 года. В период с мая по декабрь грузоотправитель ТОО «ВостокУгольПром» планирует погрузку для теплоисточников Казахстана в объеме свыше 1,8 миллиона тонн угля, что на 107,1 тысячи тонн больше к прошлому году.

Для коммунально-бытовых нужд казахстанских потребителей в мае текущего года отгружено 60 тысяч тонн. В июне планируется погрузка 117,4 тысячи тонн, в том числе для ВКО – 22,5 тысячи тонн, для области Абай – 9,2. До конца года планируется отгрузка более 1,7 миллиона тонн коммунально-бытового угля.

По информации Семейского отделения грузовых перевозок, основными туликами Усть-Каменогорска и Семейя, на которых

реализуют уголь населению, заготовка твердого топлива ведется с мая текущего года. В адрес ТОО «Сейком» отгружено с разреза «Каражыра» в мае три тысячи тонн, ТОО «Топливная компания Терминал» – 5,6. Для ТОО «Шемонаиха отьны» Шемонаихинского района отгружено 1,8 тысячи тонн, по Глубоковскому району – 1,2 тысячи тонн. ТОО «Жигер» по городу Семенов – 1,5 тысячи тонн. В июне погрузка для этих получателей происходит согласно заявленным грузоотправителем планам.

На сегодняшний день на складах и площадках Восточно-Казахстанской области, по данным департамента энергетика и ЖКХ ВКО, имеется более 6,4 тысячи тонн угля коммунально-бытового назначения, по области Абай – более 15 тысяч тонн.

В рамках подготовки к отопительному сезону совместно с местными исполнительными органами железнодорожники проводят совместный аудит подъездных путей, которые получают льготный уголь для населения.

В этом году имеется 24 тысячи полувагонов, на начало сентября будет 25 тысяч. Под уголь из них планируется отдать 20-21 тысячу полувагонов, что на 10% больше, чем в прошлом году.

ВНИМАНИЕ – КАЖДОМУ ОБРАЩЕНИЮ



На столичном вокзале «Нұрлы жол» состоялся круглый стол по разъяснению основных положений антикоррупционного законодательства и вопросам оказания правовой помощи представителям бизнеса.

В мероприятии приняли участие 25 индивидуальных предпринимателей, арендующих помещения на вокзалах, работники филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Железнодорожный вокзальный комплекс Астана», сотрудники регионального транспортного управления Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры РК.

Представителям бизнес-сообщества во время круглого стола напомнили о действующем до начала 2024 года моратории на проверки субъектов предпринимательства, согласно Указу Президента РК от 26 декабря 2019 года (№ 229). Кроме того, даны разъяснения положений Предпринимательского кодекса, антикоррупционного законодательства, а также развернутые ответы на волнующие участников встречи вопросы.

Старший прокурор Регионального транспортного управления Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры РК Талгат Айнабеков во время своего доклада продемонстрировал возможности QR-кода, с помощью которого предприниматели могут сообщить о необоснованных проверках со стороны государственных органов и других нарушениях, в том числе коррупционного характера.

– Информационные плакаты с QR-кодами размещены во всех зданиях вокзалов и других транспортных объектах по всему Казахстану. Отсканировав код, вы можете напрямую сообщить о нарушениях. По каждому поступившему обращению будет проведена проверка, а в отношении государственных органов, со стороны которых допущены нарушения, органами прокуратуры будут приниматься соответствующие меры, – подчеркнул Талгат Айнабеков.

В завершение всем участникам заседания вручили памятки с QR-кодом и контактами мобильных групп транспортных прокуратур по защите прав предпринимателей.

Любовь РОВБА



СЕРИК СӘРСЕКЕЕВ,
«Қазкөліккәсіп» ҚБ Астана тарабы филиалының төрағасы:

БИЫЛ ЖЕЛТОҚСАН АЙЫНДА «ҚАЗКӨЛІККӘСІП» ҚБ МЕН «ҚТЖ» ҰК» АҚ АРАСЫНДАҒЫ 2021-2023 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ҰЖЫМДЫҚ ШАРТТЫҢ МЕРЗІМІ БІТЕДІ. СОҒАН БАЙЛАНЫСТЫ ҚАЗІР ЖАҢА ҰЖЫМДЫҚ ШАРТТЫ ДАЙЫНДАУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРІП ЖАТЫР. ОСЫ ОРАЙДА КӘСІПОДАҚ ӨКІЛДЕРІ ТЕМІРЖОЛШЫЛАРДЫ АРАЛАП, КЕЗДЕСУ ӨТКІЗУДЕ. ОНДА ЖАҢА ҰЖЫМДЫҚ ШАРТТА ҚАРАСТЫРЫЛАТЫН ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ТАҚЫРЫПТАР БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР ЖИНАЛУДА

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

СВЫШЕ

103 млн тонн

ГРУЗА ПЕРЕВЕЗЕНО ПО СЕТИ ҚТЖ ЗА ПЯТЬ МЕСЯЦЕВ 2023 ГОДА

В ТЕКУЩЕМ ГОДУ ПЛАНИРУЕТСЯ ЛЕТНИЙ ОТДЫХ ДЛЯ БОЛЕЕ

6 тысяч

ДЕТЕЙ РАБОТНИКОВ АО «НК «ҚТЖ»

СВЫШЕ

350

КОМПЛЕКСОВ СТРЕЛОЧНЫХ ПЕРЕВОДОВ УЛОЖЕНО С НАЧАЛА ГОДА

В ПУТЕШЕСТВИЕ НА ПОЕЗДЕ

Первый состав туристического поезда «Туған елге саяхат» отправился в увлекательное путешествие по Казахстану.

Айлин БАУРЖАН,
Астана

В тур по маршруту Астана – Байконур – Туркестан – Алматы – курорт Боровое – Астана отправились 200 детей. Всего 600 юных казахстанцев в возрасте 10-15 лет проведут каникулы, путешествуя по Казахстану. Во время передвижения на поезде между городами ребята познакомятся с историей каждого из этих городов, обретут новых друзей и весело проведут время на занятиях в кружках и мастер-классах.

Перед путешествием для ребят провели обзорную экскурсию по столице. Они посетили музей «Нур-Алем», где им рассказали все о новых тематических разработках в области энергии космоса, солнца, ветра и воды. Также для ребят была организована экскурсия в филиал АО «НК «ҚТЖ» – «Центр оценки и развития персонала железнодорожного транспорта». Здесь они попробовали себя в роли машиниста



и помощника машиниста на специальных тренажерах, которые полностью имитируют настоящие кабины тепловоза и электровоза, узнали об истории создания

железнодорожного транспорта, начиная со старых моделей тепловоза, паровоза до магистральных локомотивов.

Продолжение на 3-й стр.

ҚАУІПСІЗДІК САБАҚТАРЫНА ҚАТЫСТЫ

Ұлан ОРАЗ,
Астана



Теміржолшылар балабақшалар мен мектептерде және колледждерде қауіпсіздік сабақтарын өткізіп, екі мыңға жуық балалар мен жасөспірімдер темір жолдан өту ережелерімен танысты.

Жалпы, теміржолда балалармен байланысты қайғылы оқиғалардың алдын алуға бағытталған қауіпсіздік сабақтарын өткізу – жазғы каникул қарсаңында жүргізілетін дәстүрлі іс-шара. «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС филиалдарының қызметкерлері мамыр айы бойына еліміздің барлық өңірлерінде темір жолға жақын орналасқан балабақша, мектеп және колледждерді аралап, «Темір жол – аса қауіпті аймақ» тақырыбында профилактикалық кездесулер өткізді. Қауіпсіздік сабақтарында түсінікті және қызықты формада әзірленген бейнероликтер көрсетіліп, теміржол инфрақұрылымы нысандарында жүріп-тұру ережелері түсіндірілді.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ЖАҢАРЫП ЖАТЫР

Абай ЕРТІС,
Семей



Бүгінде Семей ЖТ бөлімшесіне қарасты Дегелең станциясында теміржол инфрақұрылымын дамыту жұмыстары жүзеге асырылуда. Алдағы уақытта көзделген межелі жұмыстар жергілікті атқарушы билікпен бірлесіп орындалмақ.

Ол жайында жуырда бөлімше басшысы Владимир Бабиченконың Курчатова қаласының жаңадан тағайындалған әкімі Болат Абдралиевпен кездесуі барысында жан-жақты талқыланды. Қазіргі таңда бірінші класты Дегелең станциясында қысқа даярлық шаралары басталып кеткен. Себебі күллі ел шығысын және еліміздің іргелі жылу орталықтарын көмірмен қамтамасыз ететін станция қатал маусымға қазірден дайын болуы керек. Осы ретте қала әкімін станция тынысымен таныстырған Владимир Владимирович инфрақұрылымды жаңғырту жұмысына да жан-жақты тоқталды. Мәселен, станцияда үш бірдей қабылдау-жөнелту жолдары салынып, Дегелең – Жаңа-Семей телимін дамытуда елеулі шара орын алды. Осылайша ұлттық компанияның тұңғыш рет бизнес-құрылымдарымен бірге жасаған, «Қаражыра» АҚ және «Балалан көлігі» ЖШС-мен бірлескен жобасы нәтижелі орындалды.



Соңғы жылдары «Қаражыра» АҚ жылжымалы құрамдарға тиелетін қатты отын көлемін де арттыру үстінде. Мәселен, биыл 9 млн тонна көмір тасу жоспарлануда. Бұл орайда негізгі салмақ теміржолшыларға түседі. Станция басшысы Талғат Башировтің айтуынша, кесте бойынша 10 жұп жүк пойызын өткізу керек болса, қыс мезгілінде 14 жұп көмір тиелген пойыз құрастырып аттандыруға мүмкіндік бар.

Мәртебелі мейман сонымен қатар станция басындағы жүргізіліп жатқан жұмыстармен де танысты. Сондай-ақ жергілікті теміржолшылар игілігі үшін атқарылар шаралар қатарын да бірге пысықтады.

Суретті түсірген автор

25 БАС ҰСАҚ МАЛ ШЫҒЫН БОЛДЫ

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе



«Сарысай-Хромтау» станциялары аралығында жол бойында жайылып жүрген ұсақ малды байқаған жүк пойызының машинисі дереу шұғыл тежегіш қолданды.

Бірақ амал қанша, оңайшылықпен тоқтай қоймайтын ұзын құрам 25 бас қой-ешкіні қағып-басып өте шықты... Жылжымалы құрамның астына түскен 20 бас ұсақ мал арам өліп, тірі қалған 5 басты иесі жол бойында сойып алған. Оқиға пойыздар кестесіне кедергі келтірмеген. Қандыағаш станциясының желілік полиция бөлімінің мәліметінше, әкімшілік құқықбұзушылық кодексінің 559-бабы 1-бөлігіне сәйкес малын қараусыз қалдырған Сарысай ауылының 64 жастағы тұрғынына 5 АЕК көлемінде айыппұл салынған. Ақ-адал малынан бір айрылып, айыппұл төлеп екі шығынға батқан тұрғынға обал-ақ. Бірақ, шығасыға иесі басы деген осы. Темір жол бойында төрт түлік мал мен бөгде адамдардың көп жүруі қозғалысқа қауіп төндіріп, жүк және жолаушылар пойызына кедергі келтіруі азаяр емес. Қандыағаш станциясы қызметкерлерінің айтуынша, мал басу оқиғаларының алдын алу үшін шаруашылық иелерімен жиі түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Бірақ немқұрайлық пен бейқамдықтың кесірінен өзіне де, өзгеге де залал келтірушілер аз емес.

ҚАЛА МАҢЫ ТАСЫМАЛЫНЫҢ АУҚЫМЫ КЕН



Қарағандыға жұмыс сапарымен барған біздің ат басын бұрған мекеменің бірі «Жолаушылар тасымалы» АҚ «Қала маңы» филиалының аймақтық телімі болды. Теміржол көлігінде ширек ғасырға жуық еңбек етіп келе жатқан Назгүл Қалиасқарова жетекшілік ететін ең ірі телім әлеуметтік маңызға ие 22 бағдарға қызмет көрсетеді.



Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана-Қарағанды-Астана

«Қала маңы» филиалына қарасты Қарағанды телімінің басқа телімдерден артықшылығы, мұнда электропойыздармен қатар жолаушылар пойыздары да бар. 300-ден астам адам еңбек ететін мекемеде оның жартысын жолсеріктер, аға жолсеріктер мен пойыз бастықтары құрайды. Сондай-ақ 80 машинист және олардың көмекшілері, пойыздарға қызмет көрсететін өзге де персоналдар бар.

– Бізде Қарағанды Жолаушылар пунктінде тұрақтап тұратын Қарағанды – Балқаш және Қарағанды – Жезқазған бағдарына қатынайтын әлеуметтік маңызды жолаушылар пойыздары бар. Бұл пойыздарға он шақты, кейде одан да көп вагон тіркеліп жатады, сондықтан мұнда бір вагонға екі жолсерік қызмет жасайды. Ал 4 немесе ең көбі 6 вагоны бар электропойыздарда екі немесе үш жолсерік қызмет көрсетеді, яғни екі вагонға бір жолсерік, – дейді Назгүл Қалиасқарова.

Оның айтуынша, жолсеріктер жалақысы да өзге желілік өндірістік қызметкерлер сияқты жыл басынан бері 20% өскен. Бұдан бөлек, тоқсанға бір рет өндірістік көрсеткіштеріне қарай КТУ, артық сағаттары үшін үстеме ақылар төленеді екен. «Үздік жолсерік», «Үздік пойыз бригадасы» сынды байқаулардың жеңімпаздарын да ақшалай ынталандыру қарастырылған.

Телім бастығы бізді техникалық кабинетке бастап келді. Әппақ жейде киген жолсерік арулар кезекті дәріс тыңдап отырған сәтінің үстінен түстік. Сабақтың аяқталуына санаулы минут қалыпты. Жолсеріктермен тілдесу үшін күте тұрдық.

Қарағанды – Астана бағытындағы электропойыздың жолсерігі Лаура Жаркенованың еңбек өтілі 9 жылдан асыпты.

«Біз жаңа ғана техникалық сабақта өрт және электр қауіпсіздігі тақырыбында дәріс тыңдап, билет беретін машинкамыз істемей қалғанда қандай әрекеттер жасау керектігі туралы күнделікті жұмысымызда кездесіп жататын жайттарды тағы да пысықтап, білмейтін дүниелерімізді толықтырдық», – дейді Лаура.

Жолсерік қызметінің ерекшелігі туралы сауалымызға орай қиындығы мен қызығы мол жұмысы өзіне ұнайтынын жеткізді.

«Әрине жолаушылар әртүрлі болады. Бірақ міндетіміз жолаушыға көрсету болған соң, ортақ тіл табысып, сапарын жайлы етуге тырысамыз. Өйткені олар – теміржол көлігін таңдап отырған біздің клиенттеріміз. Ал клиент қашан да дұрыс», – деп күлді Лаура Хамитқызы.

Бұдан кейін біз локомотив бригадаларының машинист-нұсқаушысы Максим Дорофеевке ілесіп, телімге қарасты электропойыздар мен электровоздар жөндеуден өтетін «Қамқор



турады», – деп жан-жақты мағлұмат берді Максим Дорофеев.

Оның айтуынша, электропойызды пайдаланушылар күрделі жөндеу біткеннен кейін жылжымалы құрамды қабылдап алып, жөндеу сапасын бағалайды. Ал жөндеу қызметін ұсынушы «Қамқор Локомотив» аталған жөндеу түрінен кейін электропойыздың қанша уақыт бұзылмай, тоқтаусыз жүретіндігіне кепілдік мерзімін береді екен. Сондықтан олар да жөндеудің сапалы жүргізілуіне мүдделі дейді машинист-нұсқаушы.

Күрделі жөндеуден шыққан соң жеті күннен кейін аталған электропойыз ТО-3 циклды жоспарлы жөндеу түрінен өтеді екен. Оны механиктер, электроаппаратшылар, қозғалтқыш бөлігін жөндеушілер сияқты тағысы тағы мамандардан тұратын кешенді бригада өткізеді екен.

«Желіде 4000 км кепілдік мерзімін өтеп келген соң бұл электропойыз ТО-3 циклды жөндеу түріне кіреді. Канавада бар болғаны алты сағат тұрады. Осы уақыт ішінде кешенді бригада өздеріне тиесілі бөлік бойынша тексеру жүргізіп, реттеу, тежегіш колодкасын алмастыру сияқты ұсақ-түйек жұмыстарын жүргізеді. Мұны жоспарлы-алдын алу жөндеуі деп те атайды. Себебі электровоздың бұзылып жолда тұрып қалуына жол берілмейді, мысалы автокөлік сынып қалса, оны эвакуатормен алып кете салады. Ал электровоз жолда бұзылса, соңынан келе жатқан пойыздар да тоқтап тұруға мәжбүр болады. Сондықтан ауруды емдегенше, алдын алған дұрыс деген қағида бізге де қатысты», – дейді Максим Дорофеев.

Айтуынша, Қарағанды телімінде еңбек ететін 40 локомотив бригадасы барлық сериялы локомотивтерді меңгерген, сондықтан мейлі электропойыз, мейлі электровоз болсын, кез келген локомотивке ауысып отырып кете береді.

Суреттерді түсірген Александр ЖАБЧУК

ЖАЗ БОЙЫ ЖАЛҒАСАДЫ



Қызылорда магистральдық желі бөлімшесіне қарасты мекемелерде пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін арттыру мақсатында жазғы жол күтімі жұмыстары қарқынды жүріп жатыр.

Сабырхан СЕЙЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Дистанцияның техникалық бөлімінің жетекші инженері Ахметқали Елеусіновтің мәлімдеуінше, жыл басынан бері олар Қызылорда – Белкөл, 20-бекет – Шиелі және Қызылорда – Қараөзек станциялары аралығында 12,3 шақырымның рельс тіреулерін ауыстырған. Үш шақырымда түйіспесіз рельстер алмастырылған.

– Жол табанын сауықтыру жұмыстары – пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін арттырудың бірден бір кепілі. Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі мен дистанция бастылығының кешенді шаралары жаз бойы жалғасады. Мамыр айында Бәйгеқұм – 20-бекет, Шиелі – Ақмаа станциялары арасындағы 0,4 шақырымның ескі рельстері жаңаланған. Талап, Тереңөзек, Шорнақ, Жаңақорған станцияларындағы 7 жиынтық бағыттамалық бұрма темірбетон белдеулерімен бірге ауыстырылды. Және де осындай жұмыстар алдағы айларда Тереңөзек – Қараөзек, Белкөл – Бірқазан, Шиелі, Қаракеткен – Қараірім станциялары аралығында қарқынды жүргізу жоспарлануда, – деді техникалық бөлімнің жетекші инженері Ахметқали Елеусінов.



Жолшылар күнделікті жолдың бабын жасауға қолда бар құрал-саймандарды қолданады. Дегенмен жол күтімін жасауға қажетті көтергіш домкрат, бұранда бұрайтын құрылғылар секілді шағын механизация тапшылығы байқалады, олар

әр жол жөндеушінің қолында жеткілікті болса, жұмыс та өнімді бола түсер еді дейді дистанция өкілі.

Жаз маусымы басталғалы теміржол өткелдерінде автокөлік, жаяу жүргіншілер қозғалысы көбейіп, пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігіне төнген қауіп те арта түскен. Жалпы дистанцияның балансындағы 15 теміржол өткелінің 8-і күзетіледі. Жыл басынан бері өткелдерде апатты оқиға тіркелмеген. Оған дистанция бастылығы тарапынан ұйымдастырылып отырған кешенді шараларда сеп болса керек. Мәселен, әр айдың 10-ы мен 25-і күні жергілікті атқарушы орган, МАИ қызметкерлерімен бірігіп автокөлік жүргізушілеріне түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, жергілікті ақпарат құралдарында, әлеуметтік желіде темір жолдың қауіп-қатерін түсіндіретін роликтер таратылады. Нәтижесінде бес айдың ішінде желілерге 7 бейнекөрініс таратылып, 128 рет рейд ұйымдастырылған. 3865 автокөлік жүргізушісі өткелден өту ережесімен таныстырылған. Тұрғындармен 130 мәрте жиналыс өткізіліп, 4991 адамға ережелер қайталап таныстырылған.

Дегенмен, қауіп азаяр емес. Мысалы, бес ай ішінде тепловоз машинистері 40 рет жедел тежегіш басуға мәжбүр болса, тек мамыр айында осындай жағдай 10 мәрте қайталаныпты, 5 рет малдың, 5 мәрте адамның жолға шығуы орын алып, мал басылған бір оқиға тіркелген.

Одан бөлек, пойыздар қозғалысына кедергі келтіретін түрлі жағдайлар бар. Пойыздың жолына, рельс үстіне бөгде заттарды қойып кету, балалардың тас атуы секілді бұзақылықтар аз емес. Тікелей міндеті жолдың бабын жасаумен айналысуы тиіс жолшыларды осындай қосымша жұмыстар көп алаңдатады.

Суретті түсірген автор

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИКИ ОТКРЫТЫ К ДИАЛОГУ



ВСТРЕЧА

Совещание с ветвладельцами частных подъездных путей Оскеменского региона провел директор Семейского отделения грузовых перевозок Владимир Бабиченко совместно с прокуратурой на транспорте Восточно-Казахстанской области, представителями инспекции транспортного контроля, Палаты предпринимателей ВКО, ЛОП на станции Оскемен-1.

Ольга УШАКОВА,
Оскемен

Поводом к встрече стало резкое увеличение количества нарушений на подъездных путях, допущенных по вине частных перевозчиков.

По информации службы безопасности Семейского отделения грузовых перевозок, в период с 1 января по 31 мая 2023 года на подъездных путях зафиксировано 24 факта нарушения безопасности движения против восьми фактов за аналогичный период 2022 года. Сходы на подъездных путях частных увеличились втрое. В большинстве случаев причинами нарушения безопасности стали неисправности пути. Также их вызвали такие факторы, как, например, несвоевременная очистка путей от снега и наледи в зимний период, неправильные действия работников подъездных путей. Повреждены 34 вагона, семь тепловозов. Для недопущения впредь случаев нарушения безопасности движения на подъездных путях железнодорожники заострили внимание ветвладельцев на необходимости соблюдать установленные требования к подъездным путям, правила их эксплуатации. Важно своевременно проводить ремонт подъездных путей, готовить их к работе в зимний период, соблюдать габариты при погрузке и выгрузке, своевременно информировать причастные службы в случае обнаружения нарушений.

– Также необходимо соблюдать требования по обеспечению сохранности вагонов. Кроме этого, на подъездных путях участились случаи потери тормозных башмаков. Ветвладельцам необходимо завести журналы учета, назначить ответственных за

сохранность тормозных башмаков, – объяснили представители службы безопасности Семейского отделения грузовых перевозок.

Главный специалист инспекции транспортного контроля по ВКО Канат Айтуаров информировал, что в марте текущего года этот госорган уже проводил с ветвладельцами совещание по поводу нарушений безопасности на подъездных путях. По результатам совещания инспекция дала протокольные поручения. Однако уже после этого два предприятия допустили сходы вагонов на своих подъездных путях.

– Считаю, что работа не была проведена должным образом. Мы провели две внеплановые проверки – ТОО «Востокцветмет», где выявили около 200 нарушений, и ТОО «Усть-Каменогорская ТЭЦ» – там порядка 90 нарушений. Мы выдали предписания для устранения, – рассказал Канат Айтуаров.

Также он рассказал предпринимателям об изменениях в правилах проведения проверок малого бизнеса, законодательстве в сфере железнодорожного транспорта, правилах расследования нарушений безопасности движения.

По словам Владимира Бабиченко, железнодорожники в Семейском отделении грузовых перевозок «объявили войну сокрытым нарушениям правил безопасности», стали показывать реальную картину происходящего. По этой причине в прошлом году зафиксировано 10 случаев нарушений безопасности против четырех в 2021 году. В целом железнодорожники проводят огромную работу над ошибками.

– В текущем году в целом АО «НК «КТЖ» уделяет очень пристальное внимание ремонтам. Запланирован капитальный

ремонт на 1,3 тысячи километров пути по Казахстану. Из-за этого бывают задержки пассажирских поездов, но железнодорожники делают все возможное: постарались составить график движения поездов таким образом, чтобы сделать ремонт, – сообщил Владимир Бабиченко. – В прошлом году усиленным средним ремонтом прошли на 9 километрах Кумыстауской дистанции пути, где ранее были сходы вагонов. В этом году там планируется провести средний ремонт на 20 километрах пути, в Семейском регионе у нас проводится капитальный ремонт на 85 километрах пути. Там уже отремонтировали 20. Столько инвестиций в регион не было вообще никогда!

Транспортный прокурор ВКО Нуржан Керимбаев подтвердил, что в АО «НК «КТЖ» сделали выводы по поводу сходов вагонов, ремонт на Кумыстауской дистанции пути они начали с прошлого года.

– В этом году там уже кардинальное улучшение ситуации. Но некоторые предприниматели содержат подъездные пути ненадлежащим образом. Если из-за случаев нарушений безопасности на подъездных путях будет причинен значительный вред здоровью работников, то это будет рассматриваться в орбите уголовного процесса, – отметил транспортный прокурор.

Предприниматели в свою очередь делились своим опытом и задавали интересные вопросы. Представители ТОО «Казцинк-Темир Транс» рассказали, что вводят практику контроля за своими железнодорожными путями, будут проводить комиссионные осмотры. ТОО «Казцинк» увеличил финансирование на содержание своей инфраструктуры в два раза по сравнению с прошлым годом.

ПОСЛЕДНЕЕ И ВАЖНОЕ ЗВЕНО



БЕЗОПАСНОСТЬ

В Алматинском эксплуатационном локомотивном депо подвели итоги за пять месяцев текущего года. Так, в Книгу замечаний от машинистов эксплуатационного локомотивного депо поступило 4 509 рапортов, больше всего их адресовано РЦУП-2 (Алматинское отделение).

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

С начала года применено 317 экстренных торможений, против 286 случаев аналогичного периода прошлого года. В том числе на людей – 82 эпизода, из них с наездом – четыре. Анализ наездов на людей показывает, что в подавляющем большинстве случаев причиной случившегося является нарушение пострадавшими правил безопасности.

Также зафиксировано 83 случая наезда на скот, против 79 в прошлом году. Столкновение с автотранспортом – восемь.



Уменьшились нарушения в работе АЛСН на локомотивах. Так, за пять месяцев теку-

щего года допущено 424 случая сбоя кодов АЛСН, против 502 за аналогичный период прошлого года.

Огромная ответственность за обеспечение безопасности движения поездов возложена на локомотивные бригады – машинистов и их помощников. Они – последнее и очень важное звено в цепочке взаимодействия железнодорожников разного профиля, дисциплинированность и осознание величайшей ответственности за сохранность перевозимых грузов и жизнь пассажиров должны быть, как говорится, у каждого в крови, кто берется управлять локомотивом, – говорит начальник Алматинского эксплуатационного локомотивного депо Айдын Сатыбалдин.

Надежным средством обеспечения безопасности движения является предрейсовая информация о приказах и распоряжениях, ограничениях на участке, метеорологических условиях, характерных происшествиях в поездной работе. Большое значение имеет поездная радиосвязь локомотивной бригады с диспетчерами, дежурным по депо и бригадами других локомотивов с соблюдением установленного регламента переговоров.

Фото автора

В ПУТЕШЕСТВИЕ НА ПОЕЗДЕ

(Начало на 1-й стр.)

– Мне очень понравилась столица, много необычных зданий. Особенно запомнилась экскурсия на ЭКСПО, было очень увлекательно, словно оказалась в другом мире. Дальше мы уезжаем в путешествие по Казахстану. Уверена, что дальше будет также интересно, мы сможем узнать много интересного о нашей стране, увидеть другие города, взглянув на них с другой стороны, – поделилась впечатлениями Нурша Омирбай.

А вот 12-летняя Лейла Исмаилова из Атырау давно мечтала отправиться в путешествие по Казахстану. Проект «Туған елге саяхат» помог воплотить давнюю мечту в реальность.

– Я уверена, что это путешествие, посещение исторических мест принесут нам множество впечатлений, положительных эмоций и возможность обрести новых друзей. Конечно, через определенное время тур закончится, и мы все разведемся по разным городам, но благодаря Интернету сможем поддерживать связь с новыми друзьями, – рассказала Лейла Исмаилова.

Во время торжественной отправки поезда ребята в знак благодарности за организацию отдыха представителям Samruk-Kazyna Trust и работникам фили-



ала АО «НК «КТЖ» – «Дирекция магистральной сети» провели яркий флешмоб, на позитиве танца и искренне улыбаясь для хроникера на память.

– Вы собираетесь в большое путешествие, побываете в местах с удивительной природой и своими глазами увидите самые красивые достопримечательности нашей страны. Получив прекрасные впечатления, вернетесь с большим багажом новых знаний и вдохновением. Наша миссия – подарить вам счастливое детство. Пусть ваша поездка будет успешной, – сказал председатель правления фонда «Самрук-Казына» Нурлан Жакупов.

Он отметил, что с начала года 11 из 20 проектов с бюджетом в 1,7 миллиарда тенге, утвержденных Фондом развития социальных проектов «Samruk-Kazyna

Trust» – единым оператором благотворительности группы компаний «Самрук-Казына», посвящены детям и охватывают более 18 тысяч представителей подрастающего поколения. Эти проекты включают в себя реабилитационные центры для детей с особыми потребностями, детские спортивные площадки, адаптивные спортивные и семейные дворовые клубы и многое другое.

Заместитель председателя Национальной комиссии по делам женщин и семейно-демографической политике при Президенте РК Ляззат Сулейманов в приветственном слове отметил, что Казахстан обладает уникальными памятниками природы, которые гармонируют с историческими сооружениями и современной архитектурой.

– У нас есть удивительные места, где необходимо побывать каждому казахстанцу. Я уверена, что поездка по знаковым местам нашей необъятной родины станет началом новых исследований по изучению исторических и архитектурных памятников, – сказала она.

Часть юных пассажиров – победители конкурса эссе на тему «Хочу развивать свой регион!» со всего Казахстана, а другая часть – дети работников производственных предприятий группы компаний АО «Самрук-Казына».

За годы существования проекта тысячи детей провели незабываемые летние каникулы на туристическом поезде. В этом году у школьников вновь появилась возможность бесплатно посетить самые красивые уголки страны, приняв участие в конкурсе. За лето будет организовано три таких заезда – каждый по 10 дней. Маршрут первого заезда: Астана – Байконур – Туркестан – Алматы – курорт Боровое – Астана.

Напомним, проект реализуется при финансовой поддержке Фонда развития социальных проектов «Samruk-Kazyna Trust» от имени группы компаний АО «Самрук-Казына» и под эгидой Национальной комиссии по делам женщин и семейно-демографической политике при Президенте РК в сотрудничестве с Фондом социальных проектов.

Фото Александра ЖАБЧУКА

РАДОСТНАЯ ВЕСТЬ ДЛЯ ПАССАЖИРОВ

Светлана МОГАЙ,
Караганда



АКТУАЛЬНО

В последнее время в Карагандинском регионе в сфере пассажирских перевозок наблюдаются как проблемные, так и позитивные моменты.



Ни для кого не секрет, что на сегодняшний день происходят задержки поездов. Это связано с тем, что на перегонках региона ведутся летние путевые работы. Оздоровление путей осуществляется согласно дорожной карте. В настоящее время путевые работы ведутся на станциях Нура – Кокпекты – 3,7 километра, Дария – Жарык – 3,1, Жарык – Нильды – 4, Аяса – Ақадыр – 4,1, Донгал – Босага – 2,5, Ақадыр – Донгал – 4,6. В период «око» наблюдается перерыв в движении поездов для смены рельсов, шпал, ремонта различных технических устройств. В этом процессе задействованы подразделения железной дороги.

– Без ремонта и текущего содержания железнодорожного полотна невозможно безопасное и безаварийное движение пассажирских и грузовых поездов, к тому же этот процесс необходим для увеличения скоростного движения составов, – считает ведущий инженер отдела пути по приемке качества ремонта пути Карагандинского отделения магистральной сети Дархан Аманжанов.

А теперь приятная новость. Отыные уехать в Балхаш с железнодорожного вокзала Караганды пассажирам стало намного проще. По просьбе населения Карагандинской области в поезде Караганда – Балхаш добавили два вагона. Это очень позитивный момент, направленный на увеличение туристов в месте, где расположено известное озеро Балхаш.

По словам жительницы Караганды Салтанат Имашевой, вместе с семьей она планирует отдохнуть в одной из зон отдыха в Балхаше.

– Места в отеле были заранее забронированы и оплачены. Больше всего я переживала за то, что не будет билетов на поезд сообщением Караганда – Балхаш. Однако через приложение Kaspi Travel билеты были выкуплены за пять минут, и теперь вместе с мужем и детьми на этой неделе мы отправимся в одно из красивейших туристических зон Казахстана, – резюмировала Салтанат Имашева.

Фото автора

ЗАНЯТИЯ С ВЫЕЗДОМ

Яна ЛЕНИНА,
Илецк



ОБУЧЕНИЕ

Технические занятия для 40 осмотрщиков-ремонтников вагонов ПТО Илецк прошли с выездом на участок железной дороги.

Аппаратура КТСМ устанавливается на всех участках железных дорог через каждые 25-35 километров и перед всеми крупными станциями, имеющими пункты технического обслуживания вагонов. На гарантийном участке филиала ТОО «КТЖ – ПТ» – «Илецк» оборудование КТСМ расположено по станциям Чашкан, Акбулак, Цвиллинга.

От исправности ходовой части подвижного состава зависит безопасность движения на железной дороге. Чтобы повышать уровень безопасности движения необходимо своевременно выявлять и устранять возникающую отрицательную динамику. Для этого служат специальные устройства, которые контролируют ходовую часть проходящих поездов, называются они Комплекс технических средств модернизированной, или КТСМ.

Этот комплекс аппаратно-программных средств собирает данные о фактическом состоянии экипажной части подвижного состава прямо во время движения. Информация собирается, обрабатывается и передается по каналам связи на рабочие места оперативных работников, контролирующих ходовую часть поездов и работников, отвечающих за нормальное функционирование устройств контроля.

Аппаратура состоит из перегонного и станционного оборудования. Перегонное оборудование включает в себя напольное (путевое) и постовое. Напольное оборудование с помощью рельсовой цепи наложения (электронной педали) фиксирует момент вступления поезда на участок контроля. Считает оси и определяет категорию подвижного единицы (локомотив, вагон грузовой, вагон пассажирский) с помощью датчиков счета осей. Определяет уровень нагрева буксового узла и его тип с помощью напольных камер.

Обучение осмотрщиков-ремонтников вагонов проходило в течение двух дней с выездом на участок железной дороги. Занятия провели начальник ПТО Рашид Байниязов, мастер производственного обучения Самат Тажбалеев, разъяснения по работе оборудования КТСМ дал также электромеханик КТСМ ШЧ-6 Александр Беляев. На практических занятиях, проходивших «в поле», осмотрщики-ремонтники вагонов наглядно изучили устройство контроля схода подвижного состава (УКСПС), устройство проверки соблюдения габарита подвижного состава (КТУ), комплекс технических средств диагностики ходовых частей подвижного состава (КТСМ). Это позволило повысить уровень их профессиональных знаний и отработать навыки выполнения работ.

Фото автора

№50 (2867) 23/06/2023

КӘСІПОДАҚ ӨКІЛІ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Маңғыстау вагон пайдалану депосын 30 жылға жуық басқарып, бүгінде зейнетке шыққан Құрметті теміржолшы Сәрсенбай Есенқұлов «Қазкөліккәсіп» ҚБ-ның Маңғыстаудағы өкілі қызметіне тағайындалды. Елордадағы аталған кәсіподақтың Орталық аппаратында оны қоғамдық бірлестік басшылары қабылдап, жаңа қызметіне сәттілік тіледі.

— Осы өңірдегі барлық кәсіподақ ұйымдарының кураторы ретінде Орталық кеңестің шыққан қаулысын, кәсіподақтың алдына қойған саясатын сол өңірде жүргізіп, насихаттап отыратын өкіліміз, сонымен қатар аймақтағы теміржолшылардың мұң-мұқтажын бізге жеткізіп отыратын Сәрсенбай Есенқұловтың жұмысы өте күрделі, жауапкершілігі жоғары болмақ. Сондықтан да біз бұл қызметке осы саланың жілігін шағып, майын ішкен, теміржолда абыройлы қызметімен танылған беделді жанды лайық көріп отырмыз, — деді «Қазкөліккәсіп» ҚБ төрағасы Оразғали Ахметбаев.

Бүгінде 64 жасқа келген С.Есенқұлов жолшылар отбасында дүниеге келген. Салада жұмысын 1977 жылы Бейнеудегі Атырау вагон пайдалану депосы-



на қарасты техникалық қызмет көрсету пунктінде ағымдағы жөндеу слесарі болып бастаған. 1990 жылы Алматы теміржол институтына сырттай оқып, вагон құрылымы және вагон шаруашылығы, инженер-техник мамандығы, кейіннен заңгер мамандығы бойынша жоғары білім алған. Вагон жөндеушіден бір аймақтың вагон депосының

директоры лауазымына, Құрметті теміржолшы деңгейіне дейін көтерілген. Жоғары білім алғаннан кейін көп ұзамай жұмысы жоғарылап, техникалық қызмет көрсету қосынының шебері болып ауысады. Жас болса да өзін мойындайтын билген оны төрт жылдан кейін ТҚКҚ басшысы етіп қояды. 1992 жылы оған басшылық Маңғыстау вагон

депосы бастығының Бейнеудегі орынбасары жұмысын тапсырады. Араға үш жыл салып Маңғыстау вагон депосының бастығы қызметіне тағайындалды. Содан өткен жылдың соңына дейін осы міндетті абыроймен атқарады. Жұмыстағы жетістіктері үшін түрлі марапаттарға ие болған. 2004 жылы «Адал еңбегі үшін» төсбелгісін, 2012 жылы «Құрметті теміржолшы» атағын алады. 2008 жылы «Үздік басшы» атанса, бытыр үшінші дәрежелі «Еңбек даңқы» орденін кеудесіне тақты. Мерекелік медальдары аз емес. Қоғамдық жұмыстарға да белсене араласады. 2007 жылы ашылған Мұнайлы ауданында мәслихаттың алғашқы шақырылымына депутат болып сайланып, 12 жыл бойы аудандық мәслихаттың үш шақырылымына қайта сайланып, беделді депутаттардың бірі болды. Отбасылық өмірде де үлгілі әке, сүйікті жар ретінде танымал. Жұбайымен бірге бір ұл, үш қызды өсіріп жеткізді. Ұлы бүгінде депода вагон қараушы.

Ұлан ОРАЗ
Суретті түсірген
Александр ЖАБЧУК

ИСТОРИЮ ИЗ ПАМЯТИ НЕ СОТРЕШЬ



Во время летних каникул Карагандинский филиал ОО «Казпрофтранс» организовал для 45 детей железнодорожников поездку в Карлаг – музей памяти жертв политических репрессий, расположенный в поселке Долинка.

Один из залов музея посвящен истории создания Карагандинского лагеря, а многие помещения реалистично воссоздают устройство учреждения, условия содержания заключенных, их быт и занятия. Отдельный зал посвящен семьям заключенных – женщинам и детям, которые тоже подвергались наказанию. Экскурсовод рассказал ребятам о том, каким жестким условиям, обращению и непосильному труду подвергались заключенные. Также здесь представлены работы художников, оказавшихся узниками Карлага. Отдельная экспозиция посвящена людям и их судьбам, здесь размещены фотографии и документы, хранящие память о многочисленных репрессированных.

В музее ребята смогли увидеть обстановку кабинета начальника управления, следователя, комнаты, в которых фотографировали заключенных и проводили дактилоскопическую экспертизу. Хоть условия, в которых ока-

зались люди, были крайне тяжелыми, но они все же находили в себе силы жить дальше и вносить что-то светлое в свое существование. Заключенные занимались творчеством, читали, проводили выставки и концерты, это демонстрирует экспонаты музея.

Среди объектов музея имеются и крайне образные предметы, к примеру, композиция, демонстрирующая сложенный шанырак – символ семейного благополучия. Он показывает, как политика властей разрушила счастливую жизнь многих семей.

Посещение Карлага произвело тяжелое впечатление, ведь трагедия такого масштаба не могла оставить никого равнодушным. Экскурсии в историю своей страны играют особую роль в формировании чувства патриотизма, воспитания толерантности и непримиримости к несправедливости у молодого поколения.

Светлана МОГАЙ, Караганда
Фото автора

«ТАУ САМАЛЫНА» АТТАНДЫ

Биыл жазғы демалыста Жамбыл бөлімшесіне қарасты мекемелерде еңбек ететін теміржолшылардың 100 баласы лагерьге барады. Сәрсенбі күні олардың алғашқы легі аттанды.



Тараз вокзалынан аттанған 50 баланы ата-аналары шығарып салды. Жамбыл бөлімшесі кадрлар бөлімінің басшысы Меруерт Бейсенбекқызының айтуынша, 7-13 жас аралығындағы балалар Қаратау сілеміндегі табиғаты әсем Берікқара шатқалында орналасқан «Тау самалы» сауықтыру лагерінде 14 күн демалады. Кадрмен кәсіподақ қызметкерлері лагерьге алдына ала барып, ондағы балаларға жасаған жағдайды өз көздерімен көріп қайтыпты.

— Менің анам теміржолшы. Тараз станциясында еңбекті қорғау инженері. Лагерь туралы анамын естіп, бірден баратынымды айттым. Екі апта каникулдың ең қызықты күндері болады, мен өзіме көп достар табуым деп ойлаймын, — дейді «АгайЕлі» гимназиясының 4-сынып оқушысы Арнат Әкен.

Шілде айының ортасында екінші лек демалысы қарасты.

Ерман ӘБДИЕВ, Тараз
Суретті түсірген автор

Ел шығысындағы теміржолшылар балалары үшін де жаз қызығы басталып кетті. Бөлімшенің кәсіподақ ұйымы мен кадр бөлімі мамандарының ұйымдастыруымен жазғы лагерьге жіберу шаралары ұйымдастырылуда.

Атап айтсақ, бөлімшеге қарасты желі бойының әр станциясы, әр жол айрығынан жиналған балақайлардың алғашқы легі үшін бильғы жаз оңтүстікке өтіп жатыр. Барлығы 20 бүлдіршін Семей – Қызылорда жолаушылар пойызы арқылы Жамбыл облысындағы «Тау самалы» балалар лагеріне аптаның сәрсенбі күні жеткізіліп, орналастырылды. Еліміз бойынша бірегей демалыс орны саналатын осынау лагерьде олар алдағы 14 күн бойы бой жазып, уақытты мейлінше тиімді өткізетін болады. Бүлдіршіндер арасында Аягөз, Шар станцияларынан келгендер бар. Бөлімшенің Жастар ұйымы

төрайымы Арайлым Қосанова балалардың амандығы үшін өздері алып барып, алып қайтатын бильғы жаз оңтүстікке өтіп жатыр. Барлығы 20 бүлдіршіндер пойыздағы екі күн уақыттарын да жоспарға сай, ұйымдасқан түрде көңілді өткізуде.

— Бір бұл емес, алдағы уақытта балалар лагерінің екінші кезені басталатын болады. Қазіргі уақытта даярлық шаралары жүргізілуде. Аталмыш шаралар бөлімшемездің басшысы Владимир Бабыченконың тікелей назарында тұр, — дейді бұл орайда НОДПТ-5 кәсіподақ төрайымы Данагүл Өтеленова.

Абай ЕРТІС, Семей

АПАТ АЙТЫП КЕЛМЕЙДІ...

Өкінішке орай, теміржолдың бойында болатын түрлі қайғылы жағдайлар қатары артпаса, кемімей отыр. Теміржолшылар да әрине қол қушырға қарап отырған жоқ, бұл бағытта жүргізіліп отырған профилактикалық шаралар да аз емес.

Әйтсе де, теміржолда қарусыз жайылған мал, өткелдегі жол-көлік оқиғасы, адам өлімі жылы сайын қайталанып келеді. Ағымдағы жылы 15 маусым күні Түркістан – Арыс аралығындағы 3102 шақырмының 10 шикетінде 2 жасар нәрестені ТЧЭ-33 локомотив пайдалану депосының машинисі басқарған №22 Қызылорда – Семей бағытындағы жолаушылар пойызы қағып кетті. Оқиға сағат кешкі 19:34 шамасында болып отыр. Қайғылы оқиға орнына ең алғаш барғандардың бірі ПЧ-54 Арыс жол дистанциясының телім бастығы Жұманов Үсен Сәбетұлының айтуынша, зардап шеккен нәресте Түркістан қаласындағы қазақ-түрік клиникасына жедел-жәрдеммен шұғыл жеткізілсе де екі жасар Қазынанның өмірін дәрігерлер ажалдан арашалап қала алмады. Апат болған жерде қоршау бар, бірақ әдеттегідей жергілікті халық кез келген жерден қоршауды бұзып, жол салып алған. Яғни дүкенге баратын төте жолда сол болғандықтан ер адам қоршаудың бұзылған тұсымен келе жатқан пойыздың алдын кесіп өтеді. Әкесінің артынан жүргірген екі жасар бүлдіршінді пойыз қағып кеткен.

Мұндай қайғылы жағдайларға жол бермеу үшін Арыс жол дистанциясы тарапынан барлық мүмкіндіктер жасалуда. Еңбек ұжымдарында, оқу орындарында, темір жолға жақын орналасқан елді мекен тұрғындарымен кездесулер өткізіліп, түсіндіру жұмыстары үздіксіз жүргізілуде. Өрине жолдан өткенде қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтамай, өрескел бұзудың салдары осындай қайғылы жағдайға әкеледі.

Сабира БАЙЗАХОВА,
Шымкент

Спорт

АТЛЕТЫ ҚТЖ НА ASTANA HALF MARATHON

Работники АО «НК «ҚТЖ» приняли участие в Astana Half Marathon. Железнодорожники преодолели дистанции в 10 и 21,1 километра.

Организатором спортивного мероприятия выступил Корпоративный фонд «Смелость быть первым». Полумарафон собрал в столице около двух тысяч человек в возрасте от 16 до 75 лет из разных регионов Казахстана, а также США, России, Польши, Украины, Великобритании и Нидерландов.

ҚТЖ на забеге представили порядка 20 участников спортивной команды компании Railways team. Они выбрали дистанции 10 и 21,1 километра. — С большим энтузиазмом вышел на старт полумарафона. Спорт стал неотъемлемой частью моей жизни. Занимаюсь бегом, участвую в лыжных гонках, летом



езжу на велосипеде, — поделился начальник техотдела Семейского отделения магистральной сети Нурлан Бегадилов. — Атмосфера мероприятия была очень дружелюбной. Не могу не отметить высокий уровень организации. Я преодолел дистанцию в 21,1 километра за один час 31 минуту. Благодаря чему обновил свой

личный рекорд — на две минуты улучшил время по сравнению с той же дистанцией в прошлом году.

Все финишировавшие участники забег получили памятные медали. Собранные средства организаторы направят на благотворительность.

Любовь РОВБА, Астана
Фото автора

УБОЙНЫЙ ФУТБОЛ



На стадионе Павлодарского высшего колледжа электроники и коммуникаций прошел турнир по мини-футболу среди павлодарских железнодорожников. Всего приняли участие девять команд.

За победу боролись ПЧ-24, ВЧД-16, ТЧЭ-18, «Тальго», «Теміржолсу», ПЧ-32, станция Павлодар, ЭЧ-13

и ГП. Организатором выступила инструктор-организатор по спорту Павлодарского филиала ОО

Айдана ЕРТАЙ
Фото автора

ЖАТТЫҒУ ЗАЛЫ АШЫЛДЫ

Жамбыл бөлімшесі кәсіподақ ұйымының демократиялық Жамбыл вагон депосының техникалық қызмет көрсету бекетінде жаттығу залы ашылды.



Вагоншылардың өз күшімен жабдықталған демалыс бөлмесіне жаттығу құрылғылары орналастырылған соң кәдімгідей спорт зал болды.

— Бөлімшенің кәсіподақ ұйымына рахмет, қолдап, көмек көрсетті. Біраз жаттығу құрылғыларын алып берді, енді біраз жаттығу құрылғыларын кәсіпорын қызметкерлері сыйға тартты. Қазір жұмысшылар үшін арнайы кесте дайындалып, олар күнделікті жаттығу залына келіп жүр, — дейді кәсіпорын директоры Талғар Советұлы.

Арсен БАЙЗАҚ, Жамбыл
Суретті түсірген автор



ҚАЗАҚСТАН
ТЕМІР
ЖОЛЫ



КАЗКОЛІККӘСІП

Бас редактор
Дина Мүздубаева

Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Газет басылатын қалалар:
Астана, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 11 340

Газет сейсенбі,
жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен
«Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдей басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Р. Рахметов, Р. Рахметова

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосыйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панышева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабыржан Надірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Жамбыл: Ерман Әбдиев 8-777-682-70-73
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Кудабаяев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61
Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97
Шымкент: Сабира Байзахова 8-702-509-00-43

Редакцияның мекен-жайы:
Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел.: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
тел.: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және
бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық
агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың
30 шілдесінде №601 тіркеу күнәлігі берілді.